

П.А.Қазбай,^{1*}  Н.Б.Сағындық¹ 

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Ең алдымен, автор мақалада қазақ ертегілерін проблемалап оқытуға ден қояды. Оқу үдерісінде қолданылатын жаңа технологияларды тиімді әрі орынды пайдалану қарастырылады. Мақалада ертегінің композициялық құрылымы мен идеялық ерекшеліктеріне өзіндік қызмет жасайтын тұрақты мотив ретінде ұлттық құндылық орын алған. Сондай-ақ, мектеп бағдарламасы оқулығында қазақтың фольклорлық шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың қалай көрініс тапқанын зерттеп-зерделеу туралы жан-жақты талданып айтылған.

Зерттеу материалдары негізінде қазақ ертегілері негізгі нысан етіп алынды. Бұл тақырыптың өзектілігін және әдеби білім берудің тиімділігін арттыру болып табылады.

Әдебиетті оқытуға философия және мәдениеттану тұрғысынан келіп, ұлттық құндылықтарды игеруге ықпал ететін ерекшеліктер ескеріліп, оқыту жүйесі ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделді.

Оқушыларға қазақ әдебиеті пәнінен ертегілерге байланысты туындаған, салт-дәстүрден берік орын алған танымдық, дәстүрлік, әдет-ғұрыптық мәселелер сөз болды.

Фольклорлық шығармалардағы бүкіл тарихи дәуірдің, қоғамдық сананың көрініс тапқанын оқушыларға таныту айқын дәлелденген.

Түйін сөздер: проблемалап оқыту, ұлттық мәдениет, ұлттық мінез, ұлттық ойлау, интеллектуалды даму.

Қазбай П.А.,^{1*}  Сағындық Н.Б.¹ 

¹ Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ПУТЕМ ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ СРЕДНИХ ШКОЛ ФОЛЬКЛОРНЫМ ПРОИЗВЕДЕНИЯМ

Аннотация

Прежде всего, в статье автор акцентирует внимание на проблемном обучении казахским сказкам. Предусматривается эффективное и целесообразное использование новых технологий, применяемых в образовательном процессе. В статье национальная ценность представлена как постоянный мотив, который сам по себе служит композиционной структуре и идейным особенностям сказки. Также подробно анализируется, как национальные ценности отражены в произведениях казахского фольклора, содержащихся в учебнике школьной программы.

Согласно материалам исследования, в качестве основного объекта взяты казахские сказки. Это позволяет повысить актуальность темы и эффективность литературного образования.

Учитывались особенности преподавания литературы с точки зрения философии и культурологии, способствующие усвоению национальных ценностей, научно и методически обосновывалась система преподавания.

С учащимися были обсуждены вопросы познания, традиций и обычаев, которые возникли в связи со сказками и прочно укоренились в казахской литературе.

Учащимся было показано, что фольклорные произведения отражают целую историческую эпоху и общественное сознание.

Ключевые слова: проблемное обучение, национальная культура, национальный характер, национальное мышление, интеллектуальное развитие.

Kazbay P.,^{1*} Sagyndyk H.¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

FORMING NATIONAL VALUES THROUGH TEACHING FOLKLORE WORKS TO SECONDARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

This scientific paper examines how national values are reflected in Kazakh folklore works. The author focuses on the problematic teaching of Kazakh fairy tales. The use of new technologies in the educational process is considered. In the paper the national values are presented as a constant motive that determines the compositional structure and ideological features of the fairy tale.

According to the research materials, Kazakh fairy tales were taken as the main object. The relevance of this topic lies in increasing the effectiveness of literary education.

The teaching system was scientifically and methodologically based, taking into account the specifics that contribute to the development of national values, approaching the teaching of literature from the perspective of cultural studies.

The discussion focused on issues of knowledge, traditions and customs that arose in connection with fairy tales and are firmly rooted in tradition.

Students are clearly shown that folklore works reflect an entire historical era and social consciousness.

Keywords: problem-based learning, national culture, national character, national thinking, intellectual development.

Кіріспе. Оқыту жүйесіндегі өзгерістер, жаңа бағдарламалар, ғылыми технологияның дамуы әдебиет пәнін оқытатын мұғалім мен оқушының алдына да көп талаптар қояды. Фольклорлық шығармаларды ұлттық мәдениеттің құрамдас бір бөлігі деп қарап, орта мектепте оқытудың ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту әдістерін қарастырудың тиімділігі қамтылады.

Ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни, халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ұлттық рухани құндылықтар дегеніміз – халықтың ұлттық тілі, ұлттық мінез-құлқы, ерекше адамгершілік қасиеттері, ауызша-жазбаша ұлағатты, тәлім-тәрбиелік мәні бар даналық өсиеттері, мақал-мәтелдері, әдеби және музыкалық шығармалары, салт-дәстүрлері, ділі мен діні, қазақи ойындары мен мерекелері және т.б.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің қайнар көзі фольклорда ел тарихы, азаматтық парыз, туған жерді сүю, жауға қаталдық, ұлттың әдет-ғұрпы, салт-санасы, наным-сенімі жатыр.

Ұлттық құндылықтарды білім берудің даму тенденциялары, оны технологиялармен байланыстыру фольклорлық шығармаларды оқытудың дәстүрлі жүйесін жаңа бағыттармен, жаңа әдіс-тәсілдермен нақтылауды талап етіп отыр.

2007 жылғы шілдеде қабылданған ҚР «Білім туралы» Заңының 11-бабында: «Ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау», - [1] деп білім беру жүйесінің міндетін анықтап береді.

Сонау ерте заманнан келе жатқан ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігі, бай ауыз әдебиетінде сақталып, ұлттық құндылықтар көрініс тапқан. Олай болса, халықтың мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, даналық өсиеттері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ертегілері мен аңыздары, айтыстары, тұрмыс-салт жырлары, эпостық жырларда ұлттық құндылықтардың кең өрісті, келісті көрініс табуы ұлттық тағылымның өріс алуы тұлға қалыптастыруда ерекше роль атқарады.

Құндылықтар туралы алғашқы түсінік сонау антика заманында өмір сүрген ежелгі грек ғылымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық адамның өмірді бағалауы, Платон үшін құндылық – өмір сүру, - [2], Аристотель үшін құндылық – адамның даналығы, яғни қандай да болмасын құнды нәрсені таба білуі [3] болып табылады.

Ұлттық құндылық туралы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - [4] деген екен.

Мектепте халық ауыз әдебиетін оқыту үдерісінде ұлттық құндылықтарды танытуға мүмкіндік мол. Мәселен, тұрмыс-салт жырларын оқыту барысында оқушыға табиғатты сүю, төрт түлік малдың қасиеті, пайдасы, ұлттың әдет-ғұрпы, салт-санасы, наным-сенімі жайында мол мағлұмат бере аламыз.

Қазақ мақал-мәтелдері мен жұмбақтарында баланың ой-өрісін дамытып, сөйлеу дағдысын, шешендігін дамыта түседі. Ғалым М.Ғабдуллин: «Халықтың тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы мен салты, дүние танудағы көзқарасы, шаруашылығы мен қайғысы, айтатын ақыл-өсиеті, үйрету мен үкімі, қысқасы халық өмірінің барлық жақтары мақалдың басты тақырыбы болып отырады», - [5, б. 80] дейді. Мысалы, «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірлік болмай тірлік болмас», «Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ», «Ырыс алды ынтымақ» - деген мақалдарда бүкіл қоғамның, ел-жұрттың, үй ішінің ұйымшылдығы, бірлігі, ынтымағы жатыр. Келтірілген мақалдардан баланың ой-өрісі дамып, ынтымақ пен бірлік туралы танымы қалыптасады. Сөйтіп, бұл жөнінде қорытынды шешім шығарып, халық қоғамдағы барлық рухани құндылықтарды жасаушы, салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік түрлерін қалыптастырушы деп таниды. Сондай-ақ, Сыр сүлейлері де өздерінің өлең-жырларында ұлттық кодты, отансүйгіштікті басты орынға қояды. Мысалы, Сыр сүлейі Дүр Оңғардың өлеңдері мен толғаулары ұлтын сүюге, ұлттық құндылықтарды жоғалтпауды меңзейді. Мысалы:

- «Алдыңнан шығып жүрмесін, жақсылық жаман еткенің»;
- «Атадан алтау тусаң да, бір басыңа жетерлік»;
- «Жақсының жанабында болған кісі –

Тарығып, тартып жүдеу кемтар болмас»,

Жамандар көкірегін көтергенмен,

Теңеліп жақсыларға ол пар болмас» – сынды нақыл сөздері елжанды, отансүйгіш ұрпақ қалыптастыруға ықпал ететіні анық. [6, 53-б].

Қазіргі кезде орта мектепте жаңа бағдарламалар енгізіліп, оқылатын шығармалар іріктеліп алынады. Қандай бағдарлама жасалса да, бір мақсатты көздейді, оқушыларға әдеби білім берудің сапасын арттыру болып табылады. Соған сәйкес «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің міндеттері ретінде де «оқушыларға төл әдебиеттің ұлттық сипатының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, көркем туындының идеялық, адамгершілік мәнін түсіндіру, көркем шығармадағы мазмұн мен форма тұтастығын, тарихи-әдеби мәліметтердің негізін және әдебиет теориясын меңгерту, әдеби-теориялық білімін сауатты қолдана алу, ауызша және жазбаша тілін дамыту», [7] мәселелері бірінші кезекте алға шығады.

Біз бұл жұмыста бағдарламада ұсынылған фольклорлық шығармаларға тоқталмақпыз.

Болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарды танытуда фольклорлық шығармалар арқылы ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді меңгертуге болады. Ойымызды М.Әуезов сөзімен сабақтайтын болсақ, «Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - [8, б. 63] деген. Осы пікірге сүйенсек, ұлттық құндылықтар мен бай тіліміз фольклордан тамыр тартып жатқанын дәлелдейді. Осы орайда халқымыздың аса бай ауыз әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың ашылып көрсетілуі де оқушының дүниетанымын қалыптастырып, ұлттық рухының оянуына жол ашады.

Әдіскер-ғалым Т.Жұмажанова: «Білім - дүниетанудың негізі болғандықтан, ол неғұрлым тереңдеген сайын дүниетаным да қалыптасып дами түседі. Таным - философиялық ұғым. Айналадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуі. Таным – адам санасының даму негізі. Жасөспірімдердің дүниетанымының қалыптасуында көркем шығарманың маңызы ерекше. «Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінен бастап, бүгінге дейін әдебиетіміздің қай-қайсы болмасын баланың рухани жан дүниесінің баюына, ой-өрісінің дамып, дүниетанымының артуына көмектеседі», - [9, б. 18] деп тұжырымдаған. Ғалымның осы пікірі дүниетанудың негізі – білім, оқушы дүниетанымын қалыптастырып, рухани дүниесін байытуға фольклорлық шығармалардың көмегі мол екенін аша түскендей.

Осы зерттеуде қазақ ертегілерін танытуда қазіргі заманғы білім беру саласындағы отандық және әлемдік тәжірибеде қолданылатын оқытудың жаңа технологиясын пайдалана отырып проблемалап оқыту технологиясының маңыздылығын ашуда В.Г.Оконь, М.И.Махмудова, И.Я.Лернер, А.М.Матюшкин, т.б. ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алдық.

Негізгі ережелер. Бүгінгі күнде білім берудің мақсаты жылдам өзгеріп отыр. Алған терең білімнің кәсіби дағдының негізінде еркін бағдарлай білу, өзін-өзі дамыту, өз бетінше дұрыс шешім қабылдап, тұлға болып қалыптасуда оқушының ойын тұжырымдауға жетелейді.

Осы бағытта фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, мәдени ұлттық дәстүрлерді ескеріп, білім мазмұнын жаңартуда болашақ ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу басымдылық алуы тиіс. Фольклорлық шығармаларды оқыта отырып, ұлттық құндылықтарды таныту, тақырыпқа байланысты ой қозғау, функционалдық сауаттылығын арттыру міндеті қойылады.

Жұмыстың өзекті мәселелері болып оқыту технологиясын меңгертудің жаңа жүйесі ретінде қарастырып, білім беру жұмысын ұйымдастыруға қоятын талаптарды көрсетіп, оқушының дүниетанымының, ой-өрісінің, жалпы дамуының тетігі ретінде қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Материалдар мен әдістер. Шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, зерттеу материалдарын негізге алдық. Жұмыс барысында әлемдік сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы мен Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теориялары да басшылыққа алынды. Оқушыны кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, өзіндік пікір, ғылыми тұжырым жасауға үйрету мақсатында сыни тұрғыдан ойлау технологиясы қолданылды. Қазақ ертегілерін оқушыларға танымдық тұрғыдан талдау үшін әлемдік халықаралық тәжірибелерді пайдаландық.

Бүгінгі әдебиет пәнін оқытуға қойылатын талаптарға сай оқытудың мотивациялық сипатын арттыру, білім мазмұнын оқыту әдістері мен тәсілдерін назарға алдық.

Соңғы жылдарда «Жаңартылған білім беру мазмұны – білім алушы үшін қолайлы білім ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлай алатын, зерттеу және тәжірибе жұмыстарын жүргізе алатын, функционалды сауатты, АКТ қолдана білетін, топпен және жұппен жұмыс жасау білігі бар, қоғамнан өз орнын таба алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру тұрғысында құрылған» [10, б. 264].

Мұғалім жаңа технологиямен оқытудың қай түрін тандаса да оқушының интеллектуальды дамуына бағыттап, оқушы белсенділігі басты назарда болу керек. Мұғалім бағыттаушы, оқушы шығармашылықпен жұмыс жасайды. Білімнің басты бағыты сапасында болса, оқушы бойындағы қабілетін ашуда жаңа технологияны пайдалану тиімді болып табылады.

В.М.Монахов: «Педагогикалық технологиялар дегеніміз – оқыту үдерісін жобалау, ұйымдастыру және жүргізудің ойластырылған моделі», [11] – дейді. Білімді игеруде жоспарлау және басқару оң нәтиже беріп, оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарттады. Жалпы айтқанда, оқушыға берілетін білім жаңа ізденістерге бағытталуы керек.

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі кезде дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, жаңа технологиялар: дамыта оқыту, модульдік технология, деңгейлеп оқыту, компьютер арқылы меңгерту, жоспарлау технологиясы, проблемалап оқытуды пайдаланып жүрміз.

Біздің зерттеу нысанымыз 5-сыныпта ертегілерді оқыту барысында *проблемалап* оқытудың тиімді жолдары болып отыр. Проблемалап оқыту барысында кез-келген сұрақ проблема бола бермейді. Оқытушы оқушының танымын, қабілетін дамыту үшін ізденушілік ситуация тудыратын сұрақ арқылы ойландырады. Ертегілерді оқыту барысында дидактикалық ойларды ашу көзделеді. Ол үшін мұғалім оқушыға белгілі мақсат қояды. Оқушы сол мақсатқа сай болжам жасайды. Содан кейін, оқушы өзінің жіберген қателерін түзетіп, тапсырманы орындайды, толықтырып отырады.

Оқушы ертегіні оқу арқылы мәтінді мәнерлеп оқиды, әңгімелеп айтады, мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап береді, негізгі идеясын табады, кейіпкерлер бейнесіне талдау

жасайды, тақырып бойынша өз пікірлерін ортаға салады, оқушы өзі іс-әрекетіне баға беру арқылы көздеген мақсатына жетеді. Мұндай мазмұнды мәтіндер оқушы бойындағы мейірімділік, жанашырлық тәрізді қасиеттерді өз бойына сіңіреді.

Мысалы, 5-сыныпта «Керкұла атты Кендебай» ертегісін оқытуда оқушының танымдық қабілетін дамыту үшін сауалнама жүргізілді.

Тақырып бойынша оқушыларға қойылған сауалнама сұрақтары:

1. Керкұла атты Кендебай ертегісінің қандай тәлім-тәрбиелік өнегесі бар?
2. Қазанғаптың әйелінен кім дүниеге келеді?
3. Кендебай аң аулап жүрсе Қаратаудың ойында, терең құздың бойында арыстандай көкжал бөрі не істеп жатыр екен?
4. Құлынның атын не деп қояды және ол қалай ер жетеді?
5. Кендебай аң аулап жүрсе көзінен жасты төгіп отырған кімнің баласына кезігеді? Және ол неге жылап отыр екен?
6. Керкұла атқа тіл бітіп не дейді?
7. Күндердің бір күні хан екі баласын шақырып алып не дейді?

Сабақ барысында оқушыларға осындай сауалнамалар қою арқылы ой-өрісін дамытады, тілдік қоры көбейеді, таным көкжиегі кеңейеді.

Келесі тапсырмалар беріледі.

Тапсырма үлгісі

Мұғалім ертегіден эпизод оқиды, сұрақтар қояды.

1. Ертегі қандай сөздермен басталды?
2. Кендебай дүниеге қалай келді?
3. Кендебай Керкұла құлынға қалай ие болды?

Оқушыларға қойылған сұрақтар проблемалық сипатта іздендіру әдісінің элементтерінен құрылады. Оқушылардың ойлау белсенділікті артады, білімді өз ынтасымен алуға ұмтылады.

Ықтимал жауап:

1-білім алушы: Халық ертегіні ерте-ерте-ертеде деп бастаған, себебі тыңдаушысын әрі қарай еліктіре түскен.

2- білім алушы: Кендебай Мергенбай батырдың баласы, ол әкесін іздеп сапарға шығады. Керкұла - ең алдымен Кендебайдың досы. Халық мақалында: «Жүйрік ат - бірде ат, бірде - канат», - деген.

Оқытудың проблемалық ситуацияға құрылуы білім алушының ойлау қабілетін арттырады. Оқыту үдерісінде проблемалық әдісті әр түрлі салада қолдануға болады. Ертегіні оқытуда тәлім-тәрбиелік ғибраттары тұнып тұрған үлгі-өнегеге, танымдық мәнге зор. Қазақ ертегілерінде кейіпкерлер бойынан ұлтжандылық, адамды сүю, асыл қасиеттерін насихаттау, ұлттық рухты көтеру байқалады.

Тапсырма:

«Керкұла атты Кендебай» ертегісінде халық шешімі, кейіпкер сезімі, іс-әрекеті қалай берілген? Халықтың ертегі соңындағы шешіміне қосыласың ба? – деп, проблемалап оқытудың кейбір үлгілерін ұсынып кетейік.

Үлгі

№	Ертегі арқылы халық нені айтпақ болған?	Өзіңе Кендебай ұнай ма? Кендебайға ұқсағың келе ме?	Ой-тұжырым Проблеманы шешу
1	Ертегі арқылы халық үшін туған батырдың ерлігін айтпақ болған.	Ертегіні оқып отырып Кендебайдың бейнесі қатты ұнады.	Кендебайдың өмірге құштарлығы, батырдың қиыншылықты жеңуі тіршілік ұлағаты ойландырды.
2	Кендебайды хан балаларымен салыстырады, ол батырлығы адамгершілігімен артық.	Ел үшін қызмет етуге дайынмын. Кендебайдың ерлік істері бізге үлгі.	Мейірімді, адал, халқына қызмет етуі ой салды.
3	Кендебайды халық өте мейірімді деп білген.	«Ер болсаң, елің үшін ет қызмет», - дегендей романтикалық тұлға болып танылған.	«Менің ойымша, халық бұл ертегіде адамгершілік, адалдық, ерлік ұстанымдар ұсынған».

4	Бұл ұлттық құндылық екенін білуіміз керек.	Кендебай бейнесі маған қатты әсер қалдырды. Ғибрат алып, тәлімдік ой түйдік.	Үлгі-ғибрат беріп ұлттық құндылықтардың ұлағатын үлгі еткен.
---	--	--	--

Бүгінде жеке адамды қалыптастырып дамыту, оған жан-жақты зерделі білім беруде, проблемалап оқытуда мұғалімге жауапты міндеттер жүктеледі.

Ең бастысы мұғалім сабақты білімділікке құруда тиімді әдісті таңдай білуі керек.

Жоғарыдағы кестені толтырып, шағын ой-толғам жасаған оқушылар, ертегі туралы білетіндерін проблема арқылы айқындап, шешуге кірісті. Ізденіс, зерттеушілік, шығармашылық ойлаумен болжам жасады. Дерек, дәйектеме келтіре отырып, қорытынды жасап, проблемаға болжам жасайды, ұлттық құндылықты таниды.

Сабақты пысықтауда оқушы өз бетімен ізденіп, проблеманы танып, зерттеуге ұмтылады.

Жұптық жұмыстарда ойларын еркін айтып шығады да, проблеманы өзі шешеді, жігерленеді. Қандай ситуация болса да себебін ашуға ұмтылады. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебай бойындағы жақсы қасиеттерді оқушы ізденіп ойлануға жетелейтін проблемалық сұрақ туындайды.

Тапсырма үлгісі

Сабақты төрт кезеңге бөліп өткізу тиімді.

1. *Қызығушылықты ояту* – Оқушылар бұрын білетін ертегілерін жаңа біліммен ұштастырады. Ой қозғау, білетіндерін еске түсіреді. «Аяз би» ертегісіндегі жаман, «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісіндегі кейіпкерлерді айтып, білім жайында ақпарат жинайды.

2. *Мағынаны тану*. Ертегіні өтер алдында оқушылар «білемін», «мен үшін түсініксіз», «мен үшін жаңа ақпарат», «мені таңқалдырды» белгісімен жұмыс жасайды. Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» ертегісін өтерде оқушылар бұрын ертегімен таныс емес екенін, жаңа ақпарат деп ұғады.

3. *Ой-толғаныс*. Ертегі сюжетін толық оқыған соң оқушылар өз ойларын айтып, бір-бірімен ой бөліседі.

4. *Рефлексия*. Білім алушылар мұғалімнің проблемалық ситуацияға құрған сұрақтарына жауап береді.

Мұғалім тиімді әдістерді таңдайды. Тұжырым кестесі, ойлар шеңбері, әдебиет лотосы т.б.

Мысалы: Тұжырым кестесін интерактивті тақтадан көрсетіп, кестені толтыру ұсынылады.

Ертегі кейіпкерлері	Іс-әрекеті	Адами қасиеті. Ертегідегі халықтық. Ұлттық құндылық.
«Керқұла атты Кендебай» 1. Кендебай Қазанқаптың жалғыз баласы	Кендебай – халық үшін туған батыр. Жеті басты алып дәуді, арыстанды жеңеді. Жауыздықты әрқашан жақсылықпен жеңіп отырған. Кендебай арқылы ұлттың өмірін, тұрмыс күйін, мінез әрекеттерін танимыз.	Кендебай ақылды, адамгершілігі мол, табысын еліне жұмсаған, халықтың тіл байлығы сақталған. Ұлттық мінез, батырлық, ерлік, қонақжайлық, мейірімділік, қарапайымдылық басым. Кендебайдың жомарттығы ұлттық құндылығымызды ақыл-өсиет түрінде көрсеткен.
2. Хан баласы	Жылқы күзетінде ұйықтап қалып, алтын құйрықты құлынды самұрық құсқа алдыруы. Әкесіне өтірік айтуы, жалқау, тоғышар жан.	Адами қасиеті төмен, өтірікші, тоғышар, топас, бұл адамнан ешқандай үлгі алудың керегі жоқ. Ұлттық құндылық тек қарапайым халықтың бойынан табылады.

Ертегіні талдау мәтін соңындағы сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Топтық жұмыс беріледі, оқушылар бірін-бірі қайталамауы керек. Сұрақ: Кендебай бойында үлгі боларлық қандай қасиеттер бар?

Үлгі: Тірек ой:

I Іс-әрекеті	II Ішкі сезімі	III Ұлттық мінез	IV Ұлттық рух
1. адалдық	2. Жанашырлық	3. Ақылдылық	4. Кішіпейілділік
-	-	-	-
-	-	-	-
-	-	-	-

Оқушылар кестені толтырып жауап береді. Оқушылар кезек-кезегімен өз ойларын ортаға салады.

5- сұрақ. Кендебай мен қозы баққан баланың кездесуін сәттік сахнаға бейімдеп, рөлдерді өздерің ойнап көріңдер.

Үлгі: (Қойшы бала еңіреп жылап жүр. Кендебай – аңшы баланың қасына келеді).

Кендебай: - Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың?

Бала: - Ардақтаған ананды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкенді алса, көрген күнің құрысын (жылайды).

Кендебай: - Не болды? Жөндеп айтшы!

Бала: - Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тұяқ қалдырмай айдап әкетті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде, алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқан әкемді жау әскері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдында өңгеріп жөнөп берді. Мен жетім қалдым. Ішерге асым, киерге киімім болмаған соң, амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Арыдым, тоздым, ернім жалақ, басым таз болды. Содан бері көзімде жас, көңілімде қайғы мен әке-шешеме жылаймын, бай жылқысына жылайды.

Кендебай: - Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп, тауып берейін [12].

Оқушыны кейіпкер орнына қойғызып, «Сен қандай әрекет жасар едің?», «Сен не деп жауап айтар едің?» т.б. сұрақтар беріп, баланың бойындағы ерлік, ұлтжандылық, адамгершілік қасиеттердің көзін ашуға тырысамыз. Мысалы, оқулықтағы 9-сұрақ осы мақсатта берілген.

Топтық жұмыс.

1-топ. Ертегідегі басты мәселе не? (постер)

2-топ. Басты идеясы қандай? (рафт)

3-топ. Халық өз арманын қалай жеткізген? (фиш боун)

4-топ. Ертегінің тілі мен көркемдігі (Венн диаграммасы)

Білім тірегі ұлттық мәдениет ұғымы болу керек.

Шығарманы салыстыра талдату – 5-сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай келеді. Себебі бұл жастағы балалар жақсы мен жаманды, заттарды (жақсы машиналарды) салыстырып жүреді. Соған байланысты алдында оқып кеткен «Ер Төстік», «Аяз би» ертегілерімен салыстырып, айырмашылығы мен ұқсастығын сұрағаны жөн.

Балалардың мүмкіндік деңгейі шығармашылық жұмыстардан көрінеді.

8-тапсырма. «Керқұла аттың өсіп жетілуі» деген тақырыпты негізге ала отырып, өзің әңгіме жазып көр. Оқушыларға ескерту жасаңыз. Өзің жазатын ертегі-әңгіме болғандықтан қиялыңнан, ойыңнан қосып, оқиға жасап жазуларыңа болады. Мәтінмен (оқулықтағы) шектелмеңдер деп, үлгі ретінде мұғалім өз шығармашылығынан, дайындап келген ертегі-әңгімесінен үзінді оқып беруге болады.

Жинақтап айтқанда, бұл жұмыстарды орындау барысында оқушылар проблемалық шешімін табу үшін іс-әрекет жасайды. Сұраққа байланысты не білетіндері жайлы ойланады, проблеманы анықтайды. Оқушы зерттеушілік болжам, негіздеме жасап, ой-тұжырым жасауға үйренеді. Проблеманы танып, сұрақтар мен тапсырмаларды орындауға ұмтылады.

Демек, проблемалық оқыту технологиясы оқушыны шығармашылыққа бағыттайды екен. Б.Сманов: «Сабақ тиімділігін арттыруда ондағы мақсаттың дұрыс қойылуының оқу материал-

дарындағы ең басты мәселелерді ажырата білудің, шәкірт материалдарындағы ең басты мәселелерді ажырата білудің, шәкірттермен әңгімені ұйымдастыруды динамикалық түрде жүргізудің, сұрақ-тапсырмалар жүйесін әрбір жекелеген оқушының ұғымына орай ойластырудың аса көп мәні бар», [13] – деген.

Қорытынды. Фольклорды оқыту мәселесінде орта мектеп әдістемесінде біршама тәжірибе жинақталғаны анық. Десек те, фольклорды оқытуда проблема бойынша жаңа зерттеулерге әлі де болса назар аудара бермейді. Қазақ фольклорын орта мектепте оқытуда ұлттық мәдениетті насихаттау білім алу мен оқу дағдысын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды таныту қажет. Сол арқылы ұлттық мәдениеттің бір бөлігі фольклор туралы оқушыларда ой-пікір қалыптасатыны сөзсіз.

Ертегіні оқытудың мәдени-рухани мәні адамгершілік мұрат мәселесі мен адам және ұлт өміріндегі маңызын білуге жол ашады. Ұлттық мәдениет пен ұлттық мінез, ұлттық рух айқын көрініс табады.

Сонымен фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды танытуға болатынын, теориялық материалдардың тиімді берілуіне назар аударылды. Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларға фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың мәні мен маңызы, ұрпақ тәрбиесіндегі ролі негізге алынды.

Ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып, ұрпаққан-ұрпаққа жеткен фольклорлық шығармалар, ата-бабадан жеткен асыл сөздің астарында көрікті ой, сабырлы ақыл, ұлттық құндылықтар жатқанын ұрпақ мойындайды. Сондықтан оқушыға ұсынылатын оқу материалдары оқушының ықпалы мен ынтасын бәсеңдетпей, керісінше, оның таным белсенділігін арттыруға ықпал ететіндей болуы керек. Фольклорлық шығармалардағы әдемі әсерлі үлгілер – бүгінгі мәдениетімізге қосылған мол қазына болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 28.06.2007ж., №546 Қаулысы. – Астана: Ақорда, 2007 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> . 19.02.2018.
2. Платон. Соч. В 4-х т. – Москва, 1965. – С. 564.
3. Аристотель. О душе // Соч. В 4-х т. – Москва: Мысль. 1975-1984. – Т.1.- С.369-448.
4. //«Международное партнерство в образовании и науке: подготовка кадров для новой экономики». Сборник докладов международного научного конгресса. 13-21 сентября, 2018 г. Стр. 202.
5. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Санат. - 2006. - 368 б.
6. Төлебаева А.Т., Айтимов М.К., Оралова Г.С., Камиева Г.А., Сердалы Б.К. Философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар: Арал–Сырдария ақын-жыраулары поэзиясы. Volume 10, Proceedings of the 6th International Conference on Applied Linguistics Issues (ALI 2019) July 19-20, 2019, Saint Petersburg, Russia, Summer and Autumn 2019, Pages 256-274 // <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196>
7. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама, V-IX-XI сыныптар.- Алматы, 2013, - 264 б.
8. Әуезов М. II томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Білім, 2000, I-том, -160 б.
9. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009, -288 б.
10. Байтенова Г., Айтбаева К., Кудуркулова Н. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу. – Алматы, 2001, - 62 б.
11. Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения. –Москва: Педагогика, 1990, -240 с.
12. Ертегілер. Көп томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1988, -320 б.
13. Сманов Б. Сабақ – оқу тәрбие ісінің негізгі түрі. – Алматы: Мектеп, 2005, -240 б.

Reference:

1. Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zañy. 28.06.2007j., №546 Qaulysy. – Astana: Aqorda, 2007 // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P070000546> . 19.02.2018.
2. Platon. Soch. V 4-h t. – Moskva, 1965. – S. 564.
3. Aristotel. O duše // Soch. V 4-h t. – Moskva: Mysl. 1975-1984. – T.1.- S.369-448.
4. //«Mejdunarodnoe partnertsvo v obrazovanii i nauke: podgotovka kadrov dlja novoi konomiki». Sbornik dokladov mejdunarodnogo nauchnogo kongressa. 13-21 sentiabria, 2018 g. Str. 202.
5. Ğabdullin M. Qazaq halqynyñ auyz ädebieti. Almaty: Sanat. - 2006. - 368 b.
6. Tölebaeva A.T., Aitimov M.K., Oralova G.S., Kamiġeva G.A., Serdaly B.K. Filosofialyq dünietanym jäne pedagogikalıyq közqarastar: Aral-Syrdaria aqyn-jyraulary poeziasy. Volume 10, Proceedings of the 6th International

Conference on Applied Linguistics Issues (ALI 2019) July 19-20, 2019, Saint Petersburg, Russia, Summer and Autumn 2019, Pages 256-274 // <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196>

7. *Qazaq әдеbieti pāni boiynsha qazaq mektepterine arnalğan baғdarlama, V-IX-X-XI synypтар.* -Almaty, 2013, - 264 b.
8. *Аuezov M. II tomdyq şyғarmalar jinaғы.* - Almaty: Bilim, 2000, 1-tom, -160 b.
9. *Jūmajanova T. Аdebietti oqytu әdistemesi.* – Almaty: Bilim, 2009, -288 b.
10. *Baitenova G., Aitbaeva K., Kudurkulova N. Oquşylardy şyғarmaşylyq jūmysqa baulu.* – Almaty, 2001, - 62 b.
11. *Monahov V.M. Proektirovanie i vnedrenie novyh tehnologii obuchenia.* –Moskva: Pedagogika, 1990, -240 str.
12. *Ertegiler. Kōp tomdyq. 2-tom.* – Almaty: Jazyzy, 1988, -320 b.
13. *Smanov B. Sabaq – oqu tārbie isiniñ negizgi tūri.* – Almaty: Mektep, 2005, -240 b.

FTAXP 14.25.19

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.026>

Н.Д.Сапанова,^{1*}  Ж.Б.Шілдебаев,¹  Р.А.Альменаева² 

² Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан
² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушылардың сыни ойлау дағдысын арттыруда, және экологиялық білімін қалыптастыруда іс әрекетті зерттеу бағдарламасының тиімділігі анықталып, дәстүрлі оқыту, жалпы білім беру бағдарламасы мен салыстырғанда артықшылығы неде екендігі талданады. Мақалада далалық іс-шаралар, метеп аясында жүргізілген жобалармен ауқымды акциялар, оқушылардың белсенділігін арттырып қана қоймай, білімдерінің де толығына ықпал ететіндігі, экологиялық біліммен қатар мәдениеттің қалыптасуына да түрткі болатындығы зерттелінеді.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған оқыту әдіснамасының негізгі принциптері оқушылардың білімінің тереңдеуіне әлеуметтік сыни тұрғыда талдау жасауына бағдар беріп танымын арттыратындығы талқыланады. Сапалы деректер алынуы үшін зерттеу топтарына 3 ай бойы іс- әрекетті зерттеу бағдарламасы аясында зерттеу жүргізіле отырып нәтижелер талқыланды. Оқушыға бағытталған оқыту әдістерінің көптеген түрлері және білім алушыларға бағытталған оқыту және олардың бірлескен іс-әрекеттері зерттеу тобындағы оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға үлес қосты. Зерттеуден кейінгі сандық мәліметтерге сүйене отырып, зерттеу тобындағы оқушылардың іс-шараларға белсенді қатысқандығын және олардың экологиялық мәселелерді шешуге қызығушылық танытқандығын, іс- әрекетті зерттеу модельнің оқушылардың экологиялық функционалдық сауаттылығын арттыруда тиімді екендігін көрсетті.

Қортындылай келгенде, оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуы олардың білім деңгейінің артуына әсер ететіні зерттелінеді. Дәстүрлі оқыту формасынан ерекшеленетін тәжірибелер, барлық қолданған стратегиялар, педагогтарға экологияны оқыту аясын кеңейтуіне мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: фуункционалдық сауаттылық, сыни ойлау, экологиялық білім, экологиялық мәдениет, іс-әрекеттер, дәстүрлі оқыту.

Сапанова Н.Д.,^{1*} Шілдебаев Ж.Б.,¹ Альменаева Р.А.²

¹Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПОВЫШЕНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В данной статье будет определена эффективность программы деятельностного исследования в повышении навыков критического мышления учащихся, а также в формировании экологических знаний, проанализировано, в чем преимущества традиционного обучения по сравнению с общеобразовательной программой. В статье исследуется, что полевые мероприятия, масштабные акции с проектами, проводимыми в рамках метепа, способствуют не только повышению активности учащихся, но и пополнению знаний, стимулируют формирование культуры наряду с экологическими знаниями.